

Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 8 қарашадағы N 1106 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігіне қазақстандық өндірушілердің және қазақстанда шығарылатын, мемлекеттік және (немесе) халықаралық стандарттарға сәйкес келетін тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің мемлекеттік тізілімін жасау және тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алуға қатысты қазақстандық қатысу бөлігінде жер қойнауын пайдаланушылардың келісім-шарттық міндеттемелерді орындауы мониторингіне дайындық жұмыстарын жүргізу үшін 2005 жылға арналған республикалық бюджетте шұғыл шығындарға көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен 46000000 (қырық алты миллион) теңге бөлінсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі